

Павлодар облысы әкімдігінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі "Павлодар облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 111/4 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 11 қарашадағы № 314/11 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 08 желтоқсанда № 4832 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі N 109/3 (алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 07.04.2016 N 109/3 (алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" № 410 Жарлығына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі "Павлодар облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 111/4 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3762 болып тіркелген, 2014 жылғы 24 сәуірде "Сарыарқа самалы" "Звезда Прииртышья" газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген "Павлодар облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережеде:

20-тармақта:

3) және 16)-тармақшалар келесі редакцияда жазылсын:

"3) театр, цирк, музыка және кино өнерін, мәдени-демалыс қызметі мен халық шығармашылығын, кітапхана, музей, мұрағат ісін және құжаттаманы дамыту бойынша облыстың мемлекеттік мәдениет және мұрағат ұйымдарының қызметін қолдайды және үйлестіреді, олардың қызметін қамтамасыз етеді;"

"16) облыстың мәдени құндылықтарын есепке алу, қорғау, консервациялау

және реставрациялау, сондай-ақ пайдалану, елдің көрнекті мәдениет қайраткерлерін мәңгі есте қалдыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;"

20-тармақ келесі мазмұндағы 61), 62), 63)-тармақшалармен толықтырылсын:

"61) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау, есепке алу, қорғау жөнінде жұмыс жүргізеді;

62) монументті өнердің жаңа құрылыстарын орнату жөніндегі жұмысты жүргізеді;

63) мемориалдық тақта орнату жөніндегі жұмысты жүргізеді."

2. "Павлодар облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулы аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы Р.Қ. Оразғұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімінің
міндетін атқарушы*

Н. Дычко